

егемен Қазақстан

Автограф

Дмитрий Федорович Снегин... Дима ағай. Митя атай. Метрей қарт... Жетісудың қазағы мен орысы осылай атап кеткен бұл қаламгер туралы кезінде көп айтылған. Шығармашылығы жайлы жеткілікті жазылған. Үкімет тарапынан да лайықты құрмет көрген. Біздің сөз етейік деп отырғанымыз бұлар емес, құрметті оқырман! Ойымыз – оның туғанына 105 жыл толуы қарсаңында жазушымен 1989, 1992 және 1998 жылдардағы кездесулерде айтқан соны пікір, тың фактілерге толы естеліктерін оқырмандарға шағын штрих, деталь арқылы қадери-халімізше баяндап беруге күш салу.



– Менің осы ұзақ ғұмырымда көз жеткізген бір нәрсем, – деген-тін жоғарыдағы жүздесулердің бірінде Дмитрий Федорович, – ол адам зердесінің балалық шақтағы көрген оқиғаларды еш уақытта да ұмытпайтындығы. Шынымды айтайын, күні кешегі болған жайттардың көбі қазір есімде жоқ, ал бірақ осыдан 70 жыл бұрынғы көріністер әлі де көз алдымда. Айтшы, бұл не ғажап, не құдірет деп ойлайсың? Мен, міне осыған таңғаламын.

Иә, ол үшін бұрынғы Верный, кейінгі Алматының тастақты көшелерінде қызыл комиссар Дмитрий Фурмановтың ауыздығын қарш-қарш шайнаған арғымақпен кіші станицадағы қорғанға қарай желе жортып бара жатқаны, төңкеріс демоны Лев Троцкийдің қазіргі Гоголь көшесіндегі Офицерлер үйі маңайындағы гүлзарда паң әрі тәкаппар кейіппен серуен құрып жүргені, экономика мәселелерінің ірі реформаторы Александр Чайановтың Қазақ ауыл шаруашылығы институты студенттері алдында тереңнен толғай лекция оқып тұрғаны осы күні кеше ғана сияқты болып көрінеді де тұрады.

Рас, Дмитрий Фурманов жөніндегі есте қалғандарын ол өзінің «Ежелгі Верныйда», «Таңсәрі мен сәске түстің арасы» атты тарихи романдарында талапқа талғам қоя отырып, барынша шыншылдықпен жаздым деп ойлайды. Қаламгердің пайымдауынша қызыл комиссардың адамгершілікке, зиялылыққа тән игі қасиеттерімен қатар қате басқан қадамдары да болған сияқты. Ол онда Жетісу губерниясының тыныс-тіршілігін орта ғасырдың ар жақ, бер жағы ретінде ғана елестетіп, Верный қаласын қараңғы, сауатсыз, жабайы елдің мекені деп ұққандығы және осы түсінігінен орталыққа аттанғанынша айыға алмай кеткендігі. Дауыл алдындағы тыныштық – төңкеріске дейін Зеньков, Недзвецкий, Бокин, Жандосов, Виноградов, Бәрібаев сияқты озық ойлы жандардың отаны болған Жетісу жері алдындағы Дмитрий Фурмановтың кешірілмес кінәсі де, түзете алмас қатесі де міне, осында еді.

Дмитрий Федоровичтің есінде «үздіксіз төңкеріс» теоретигі Лев Троцкийді де өзінің Алматы көшелерінде қалай көргені жақсы сақталынып қалған. Он үш-он төрт жастағы кезі болуы керек, бірде ол әкесі жаздырып алып оқитын «Шаруа» журналының ескі сандарын қолына алғаны бар. Соның біреуінің мұқабасында қырынан түскен бұйра шаш, дөңес мұрын, шоқша сақалды адамның суреті бар еді. Астында «Үкімет мүшесі – Л.Д.Троцкий» деп жазылған бұл бейне оның көз алдынан көпке дейін кетпей жүрді. Арада оншақты күн өткенде анасы Митяны базарға жұмсағаны бар. Сол кездегі Губернатор үйі деп аталатын орамға жете бергенде ол қолында сәнді тросы бар, тайыншадай ит жетектеген төртпақ денелі адамды көріп тоқтай қалды. Қарайды, жүргіншінің өңі де, жүзі де өзіне таныс, кеше ғана жүздескен жан сияқты. «Қайдан, қашан көрдім осы кісіні?» – деп ойлады жеткіншек оның сыртынан көз алмай тұрып. Сол сәтте Митяның есіне журнал, ондағы сурет сап ете түсті. «Қой қателескен шығармын, – деп ойлады бала көңілі, – Мәскеудегі Троцкий бұл жерге қайдан келсін? Үкімет мүшесі, атақты адамның Алматыда ит жетектеп жүруі мүмкін емес». Сөйткен де қолын бір сілтеп базарға қарай кете берген.

Бірақ, арада үш-төрт ай өткенде Митя әлгі адаммен қала сыртындағы Таулықырат беткейінде тағы да кездесіп қалды. Ол тұратын Садовая көшесінің балалары бұл жерге жыл сайын бүлдірген теруге келіп жүретін. Осы жолы да жеткіншектер өздеріне таныс тау бөктеріне ертелете жетіп, енді жидек іздей бергенде жандарынан бір емес, үш ит ерткен аңшы сопаң етіп шыға келді. Үрпиісіп қалған балаларды көрген бейсауат жүргінші бұларға жақын келіп, қорқудың қажеті жоқ екенін, өзінің қоян аулап жүргенін, Лев Давидович деген ағалары болатынын айтты да олармен кәдімгі ересек адамдар сияқты сөйлесіп, әңгімелескені бар.

Арада бір жылдай уақыт өтеді. Қыстың қыраулы бір күнінде Алматы мен Бішкек арасына кіре тартатын Митяның үлкен ағасы Парфиль үйге кештете келіп мынадай әңгіме айтады. Олар Қордай


асуына жақындағанда омбы қардан жүре алмай тоқтап қалған автомашинаны көреді. Оны қоршаған жеті-сегіз әскери адам кірекештерді тоқтатады да жарау атты, жүгі жеңіл Парфильдің шана-сына кабинадағы бір әйел мен брезент жабылған кузовтағы екі ер адамды әкеп отырғызып, Бішкекке дейін апарып салуды талап етеді. Қалған шаналарға бөлініп отырған қызыл әскерлердің біреуі жолда кірекештерге бұл әкеле жатқан адамдары Лев Давидович Троцкий деген саяси тұтқынның өзі және зайыбы мен баласы екенін айтып қалады. Ағасы бұл жайды баяндағанда бұған дейін бойы өсіп, ойы ержеткен Митя әлгі адамның осы қалада былтырдан бері айдауда жүрген Троцкийдің нақ өзі екенін біледі. Иә, кірекеш Парфильдің айтқанының бәрі де рас болатын. Себебі Троцкий 1929 жылғы 22 қаңтарда орталықтан келген зілді нұсқауға сәйкес өзі мұнда тура бір жыл болған Алматымен еріксіз қоштасып, ГПУ қызметкерлерінің қырағы күзетімен Бішкекке аттандырылған. Содан кейін ол Ташкент-Мәскеу пойызына отырғызылып, Ақтөбеге, одан Астраханьға, ақыры 12 ақпанда «Ильич» жолаушылар кемесімен Қара теңіз арқылы Түркияға сыртта-тылып жіберілгені мәлім.

Дмитрий Федоровичтің жастық шағындағы өмір жолында ерекше із қалдырған адамдардың бірі – есімі ғылымда көп жылдар бойы әділетсіздікпен аталмай келген ірі экономист-ғалым Александр Васильевич Чаянов еді. Тағдыр бұл адаммен оны Алматы ауыл шаруашылығы институтының аудиториясында жолықтырды. Тәуелсіз ой-пікірі үшін жазықсыз жазалауға ұшырап, орталықтан Алматыға жер аударылып келген Александр Васильевич Чаянов аталмыш институттың жеміс-жидек факультетінде оқитын бұған және Сергей Калмыков, Айман Жанғалиев, Александр Гукасян сияқты студент достарына статистика пәнінен сабақ беретін. Осы жерде ғой нәзік жанды, өнерден хабары мол профессордың жас Митяның әдебиетке деген бейімділігін байқап: «Антик дәуіріндегі ұлы ақындардың бірі Виргилий бау-бақша әлемі туралы пайымдауларын поэзия құдіретімен кестелеп, танымдық кітап жазған. Сен де диплом жұмысыңды өлеңмен өрнекте, өлеңмен баянда. Ауыл шаруашылығына қажет мамандығыңа поэзия көзімен, поэзия сазымен қара. Сонда сенің бойыңды рухани жұтаңдық билемейді», деп айтқаны.

Иә, Александр Васильевич Чаянов жалғыз экономика мәселесінің білгірі ғана емес, өнер мен ғылымның көптеген салаларынан мол хабары бар ғажайып адам болатын. Ол осы Алматы ауыл шаруашылығы институтында оқытушы болып жүріп «Кооперация туралы» деген атақты еңбегін жазды, көп жылдар бойы өзі тірнектеп жинаған Еуропа бейнелеу өнеріндегі гравюра туындыларын зерттеумен айналысты. Жақсы көретін сүйікті шәкірті Дмитрийге институтты тәмамдар тұсында ол Альфред Дюрердің «Төрт пері» атты гравюрасын сыйлағаны бар. Александр Васильевич Чаяновтың сол ескерткіші жазушының үйінде күні бүгінге дейін бар екен. Осы ұзақ ғұмырында оның өзінің жеке басында да, отбасында да қиын жағдайлар болмай қалған жоқ. Бірақ соның бәріне де қарамай Дмитрий Федорович аталмыш картинаны аяулы ұстазының көзіндей көріп, қастерлей сақтап келіпті.

Жоғарыда біз өзіміз сөз етіп отырған кейіпкеріміздің әдебиет, журналистика, тарих салаларын қамтитын гуманитарлық бағыттағы жоғары оқу орнын емес, ауыл шаруашылығы мамандарын даярлайтын институтқа түсіп, соны тәмамдағанын сөз арасында айтып өттік қой деп ойлаймыз. Көп жұрт оның өмірбаянындағы осы бір жайды біле де бермейді және оған онша мән беріп те көрген емес. Ал байыппен бағдарлап қарасақ, бұл Жетісу сияқты шырышы бұзылмаған арда табиғат аясында туып-өскен оның қасиетті Жер-ананың жанашыры болсам, соның тылсым сырларын ашсам деген жүрекжарды арманы еді. Содан кейін, иә, содан кейін бұл мамандық оған қоршаған ортаны жете білу, өмірді терең тану үшін де керек болатын. Осындай романтикамен, энтузиазммен жігерленген ол және оның достарына 30-шы жылдардың бас кезінде Алматыдан Мәскеу түбіндегі Козлово селосына барып, Бүкілодақтық бағбаната Иван Владимирович Мичуринге жолыққандарының өзі кездейсоқ оқиға емес.

– Алыс сапарға деген жол қаражатын табу үшін сабақтан кейінгі бос уақытымызда жалданып жұмыс істеуге тура келді, – деп еді Дмитрий Федорович сол 1932 жылғы оқиғаны ойлана еске алып. – Ол кезде Алматыдағы қызу қарқынмен жүріп жатқан құрылыстың бірі қазіргі Бөгенбай мен Панфилов көшелерінің қиылысындағы Түркісіб темір жолы басқармасының кеңсесі-тін. Міне, біз сонда барып жер қаздық, кірпіш тасып, тақтай түсірдік. Ақыры жеткілікті қаражат жинадық-ау деген кезде сапарға аттануға бел байладық.



Мәскеу маңына жеткен соң Козлово селосындағы бағбанатаның үйін тауып алу алматылық студенттерге онша қиынға түскен жоқ. Бірақ үсті-үстіне келе беретін делегациялардан әбден запы болған кінәмшіл қарт бұларды да сондай шулыған топтың бірі деп ойлады ма, қайдам, әйтеуір оларды қабылдап, әңгімелесуден мүлдем бас тартыпты. Сонда студент-энтузиастар не істеген дейсіздер ғой. Үй иесі бізбен қашан жүздесіп, әңгімелескенше кетпейміз деп келіседі де беседкаға жайғасып жатып алады. Түс болады. Кеш те батады. Бір мезетте жиекті қара қалпағын милығына түсіре киген тарамыс денелі қарттың бұларға қарай беттеп келе жатқаны байқалады. Сол жерде әңгіме тиегі ағытылды-ай дейсіз. Иван Владимирович Жетісу өлкесін академик Вавиловтың «Дүние жүзіндегі қолайлы табиғат орталары» теориясы бойынша сырттай біледі екен. Пікір алысу таң атып, тауық шақырғанша толастамайды. Ертесінде қарт бағбан бұларға өзінің жеміс ағаштары егілген тәжірибе бағын көрсетіп, бір аптаға жұмыс істеуге қалдырады. Ал мерзімді уақыт бітіп, студенттер елге қайтар кезде ол қазақстандық студенттерді өте жақсы көріп қалғанын айтып, бұлармен қимай қоштасады.

Өз кезінде қалың жұртшылық Дмитрий Федорович Снегинді белді прозашы, қара сөздің майталман шебері ретінде жақсы білді. Оған жазушының «Шалғай шепте», «Парламентерлер рей-

хстагтан шығып келеді», «Күту», «Ежелгі Верныйда», «Таңсәрі мен сәске түстің арасы» сияқты әр жылдары жазған роман, повестері анық дәлел. Бірақ оның үлкен әдебиетке келер жолдағы алғашқы қадамын сұлулық пен нәзіктік мұзасы – поэзиядан бастап, жоғарыдағы прозалық шығармаларының алдында «Шығыстан соққан самал жел» (1934 ж.), «Жетісу» (1936 ж.) сияқты екі-үш жыр жинаған шығарғандығын, ақиық ақын Илияс Жансүгіров пен жыр дүлдүлі Нұрлыбек Баймұратовтың шығармаларының орыс тіліндегі табанды аудармашысы болғандығын қазір осы бәріміз дерлік түгел біле береміз бе? Жоқ. Міне, бұл да оның көп қырлы творчествосының бір қайнар көзі болса керек.

– Сіздің ең алғашқы шығармаңыздың баспасөзде жариялануына кім ықпал етті және «Поцелуев» деген әу бастағы тума, төл фамилияңыздың орнына «Снегин» атты бәрімізге белгілі псевдонимді таңдап алуыңызға не себеп болды? – деген едік біз жазушымен әңгіме барысында.

– Шынымды айтсам, бұл екі нәрсеге бір-ақ адам себепші болды ғой деп ойлаймын, – деген-тін Дмитрий Федорович жоғарыдағы сауалға. – Ол – журналист Виктор Черкесов. Осы бір ақкөңіл жанмен 30-шы жылдардың бас кезінде мен Алматыдағы кәсіподақтар клубында құрылған жас әдебиетшілер үйірмесінде танысқан болатынмын. Сол кездері «Советская степь» (қазіргі «Казахстанская правда») газетінде жұмыс істейтін ол шектен тыс ұялшақтығым мен жасқаншақтығымды сезді-ау деймін бір күні: «Сенің өлеңдерің ешкімдікінен де кем емес. Неге газет-журналдарға ұсынбай жүрсің? Мұның жарамайды? Сыншылардан сескенсең бүркеншік фамилиямен жариялап көрейік. Сонда сенің кім екенінді ешкім де білмейді. Ондай дәстүрдің қазіргі кеңес әдебиетінде бар екенін кім жоққа шығарады? Ойлап қарашы, Горький, Бедный... Бұл олардың шын фамилиялары емес, бүркеншік есімі», деді. Содан ол екеуміз әлгі жерде әрі ақылдасып, бері ақылдасып баспасөзге менің атаман Анненковтің қанды қырғыны туралы жазылған поэмамның бір тарауын ұсынуды ұйғардық. Ал псевдонимге келгенде есіме ақын Сергей Есениннің өзім таяуда ғана оқыған «Анна Снегина» поэмасы оралды да, «Снегин» деген фамилияны таңдағаным дұрыс шығар деген шешімге келдім. Содан арада ай, одан кейін арбаның дөңгелегіндей айналып жыл өткенде Виктор Черкесовтің қуанышы қойнына сыймай алақайлап жеткенін көрсен. Көзі күлім қаққан ол қолыма «Қазақстан» (қазіргі «Простор») журналының 1933 жылғы 1-санын ұстатты да басылымның жуан ортасынан орын тепкен Дмитрий Снегин деген ақынның поэма тарауларын көрсетті. Әңгіменің токетері, содан бергі 64 жыл бойы мен міне, осы фамилиямен шығып келемін.

...Қарт қаламгер осы сөздерді айтқанда бір сәтке үнсіз қалған. Менің көгілдір көзінен әлі нұры тая қоймаған, денесінде артық ет жоқ, көкірегі көреген, ақылы айдын әңгіме иесіне байыппен барлай қарап біраз отырғаным есімде.

– Адам өмірінде өзінің бір жұлдызды сәттері болады, – деген сонда ойын жинақтап алып қайта тіл қатқан Дмитрий Федорович. – Менің жұлдызды сәтім Қазақстанда туғаным, қазақ халқының Мұхтар, Ғабит, Сәбит, Бауыржан сияқты перзенттерімен тағдырлас, сырлас болғаным деп есептеймін. Бұл ғажайып жандар туралы қазір ұзақ та қызықты әңгімелер айтуыма болар еді. Бірақ оған уақыт керек қой. Солай емес пе? Сондықтан оларға мен бір-бір сөзбен төмендегідей анықтама бергім келіп тұр. Мұхтар дегенде оны бір сөзбен «ғұлама» деп бейнелеуге болады. Ғабитті – «зергер», Сәбитті – «халық» дер едім. Ал Бауыржанға «ар-намыс» деген теңеу лайық. Өкінішке қарай, осы аяулы жандардың бәрі қазір біздің арамызда жоқ. Оларды өмірдің қатал ағысы тіршілік жағалауынан жұлып алып кеткелі қашан... Осыны ойлағанда өзегің өртенеді. Тірі жүрген менің міндетім – солар жөнінде естелік жазу. Оны бастадым деп те айтуыма болады. Мәселен, Бауыржан қайтыс боларының аз-ақ алдында жеке архивінің үлкен бір бөлігін маған беріп, аманаттап кетті. Қазір мен майдандас досымның сол тапсырмасын бір жүйеге түсіріп, бітіруге таяу қалдым. Өмір болса Мұхтар, Ғабит, Сәбиттің аманаттарын да орындайтыныма күмәнім жоқ. Тек құдай мен сияқты қарт адамның көретін көзі мен ақылынан айырмасын деңіз.

Осылай деген үй иесі менің қолыма 1981 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан 5 томдық шығармалар жинағын ұстатқан еді. Үйге келіп қарағанымда, алғашқы кітаптың ішкі бетінен мынадай сөздерді оқыдым. «Дорогой Жанболат! Рад был с вами познакомиться, – улыбчивым, отзывчивым и пытливым человеком. От всей души желаю вам, долгого и плодотворного творческого пути на литературном поприще. Обнимаю. Ваш земляк Дм.Снегин. 9 ноября 1992 г.»

Дмитрий Федоровичпен Алматыдан Астанаға көшкенше байланысымыз үзілген жоқ. Хабарласып, хал-жағдай сұрасып тұрдық. 1999 жылдың күзіндегі Республика күні қарсаңында мен ол кісі туралы «Отандас» атты шағын мақала жаздым. Оны ол кісі көріпті. Мұны қарт қаламгердің маған арнап Шота Уәлиханов ағамыздан елордаға беріп жіберген хатынан оқып білдім. Онда: «...Сенің мен жөніндегі газет бетінде білдірген лебіңді оқып, риза болдым. Ұмытпағаныңа рақмет! Отбасыңа береке-бірлік, өзіңе шығармашылық табыс тілеймін. Дм.Снегин. 1999 жыл. 27 қазан. Алматы», деп жазылыпты. Сол кезде қария 87-де еді. Содан кейін арада біраз уақыт өткен соң, яғни 2001 жылы Астанаға ол кісінің қайтыс болғаны туралы хабар келді.

...Дмитрий Федорович Снегин. Ол – қазақ халқының рухани мұрасын біліктілікпен, жана-шырлықпен зерттеуші Радлов, Потанин сияқты орыс зиялыларының ізбасары еді. Халқымыздың аяулы ұлдары Тоқаш, Ораз, Жұбаныш, Бауыржан сияқты тұлғалардың күрмеуі көп күрделі өмірін өз шығармаларында шыншылдықпен суреттеп, оларды орыс оқырмандарына алғаш таныстырған бірден-бір көркемсөз шебері болатын. Бұған қоса бұл аяулы жан ана тіліміздің мемлекеттік мәртебе алуына бел шеше кірісіп, үміт ұстараның жүзінде тұрған кезде: «Егер мен бүгін, дәл қазір қазақ тілінің тағдырына ара түспесем, онда мені ұстазым Мұхтар Әуезовтің, майдандас досым Бауыржан Момышұлының аруағы кешірмейді», деп өз ойын қандастарының алдында жалтақтамай ашық айтып, тура биде туғандық жоқ екенін танытқан қайраткер-тін. Тоқетерін айтқанда, біз үшін Дима, Митя, Метрей аға аталынып кеткен бұл ғазиз жан Қазақстандағы өз нанын адал жеген бірден-бір орыс азаматы болды.

Жанболат АУПБАЕВ

Суреттерде: 1.Полк командирі Б.Момышұлы мен батарея командирі Д.Снегин. 8-гвардиялық дивизия, Холм қаласы, 1942 жыл; 2. Д.Снегиннің қолтаңбасы.